ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

2016-2017 ОҚУ ЖЫЛЫНДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ТӘРБИЕЛЕУ-ОҚЫТУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ

ПО ОРГАНИЗАЦИИ ВОСПИТАТЕЛЬНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯ НА 2016-2017 УЧЕБНЫЙ ГОД

Астана
2016

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген

2016-2017 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-оқыту үдерісін ұйымдастыру туралы әдістемелік ұсынымдар – Астана: 2016. 23 – бет.

2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында меншік нысанына түрлері мен типтеріне қарамастан тәрбиелеу-оқыту үдерісін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты талаптарына сәйкес құрастырылды.

Аталған ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, әдіскерлері, педагогтары мен мамандарына, сондай-ақ ата-аналар қауымдастығына арналған.

Кіріспе

2016-2017 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда меншік нысанына түрлері мен типтеріне қарамастан білім беру процесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (бұдан әрі – Стандарт), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкес ұйымдастырылады.

Стандартпен мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар айқындалған.

Жаңартылған Стандарт негізінде мектепке дейінгі білім беру саласындағы ғылым мен практиканың жетістіктері, отандық және шетелдік тәжірибелер ескеріліп, «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» үш білім беру бағдарламаларының орнына Бағдарлама әзірленді.

Әдістемелік ұсынымдар жаңартылған мазмұнды іске асырудың негізгі бағыттарын, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдерін, Стандарт талаптарына сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағдайлар жасауды, мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыруды, тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерін арттырудың негізгі тәсілдерін қарастырады.

Аталған ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді және мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, әдіскерлері, педагогтары мен мамандарына, сондай-ақ ата-аналар қауымдастығы үшін әдістемелік нұсқаулық болып табылады.

2016-2017 оқу жылына арналған Әдістемелік-нұсқаулық хаттың құрылымы:

1. Кіріспе
2. Жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары
3. Білім беру процесін ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдері
4. Стандарт талаптарына сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағдайлар жасау
5. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыру
6. Тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерін арттырудың негізгі тәсілдері
7. Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттардың тізбесі

Жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асыру Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында айқындалған міндеттерді орындауды талап етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасы жоғарыда аталған құжаттарда анықталған негізгі міндеттерді тиімді орындауды қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның мақсаты: балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне, қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларын қалыптастыру, рухани-адамгершілік құндылықтарын, «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясына негізделген сәйкес жалпыадамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен төзімділікті тәрбиелеу.

Міндеттері:

- баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру;
- мектепке дейінгі білім берудің сабақтастық және үздіксіз ұстанымдарын қамтамасыз ету;
- балалардың дене, зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативтік дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру;
- әр жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын игеру бойынша мониторингті ұйымдастыру;
- мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара ықпалдастығы.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы:

- мектепке дейінгі жастағы балалардың денесін және психологиялық саулығын нығайтуға, оларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулуға;
- баланы тұлғалық және әлеуметтік, зияткерлік дамытуда тәрбие мен оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын қолдануға;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәрбиелік, дамытушылық, оқыту міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етуге;
- мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыруға ықпал етеді.

Бағдарламасының мазмұны барлық жас топтарын қамтиды:

1) Бөбек жасы – 1 жастан 3 жасқа дейін:
   ерте жас тобы – 1 жастан 2 жасқа дейін (ерте жастағы топ);
   кіші жас – 2 жастан 3 жасқа дейін (бірінші кіші топ);
2) Мектепке дейінгі жас – 3 жастан 6 (7) жасқа дейін жас;

мектепке дейінгі кіші жас – 3 жастан 4 жасқа дейін (екінші кіші топ);

мектепке дейінгі орта жас – 4 жастан 5 жасқа дейін (ортаңғы топ);

мектепке дейінгі ересек жас ─ 5 жастан 6 (7) жасқа дейін (5 жастан 6 жасқа дейін ─ мектепке дейінгі ұйымдағы ересектер тобы, 6 жастан 7 жасқа дейін ─ жалпы білім беретін мектептегі, лицейдегі, гимназиядағы мектепалды даярлық сыныбы).

Бағдарлама балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» бес білім беру саласы және білім беру салаларының мазмұнын кіріктіру арқылы іске асырылады.

Бағдарлама мазмұнын іске асыру жас ерекшелігі психологиясы мен мектепке дейінгі педагогика және білім беру салаларын кіріктіру негізінде жүзеге асырылады. Барлық білім беру салалары бір-бірімен байланысты: бала оқи отырып таниды; тани отырып не білгені туралы айтады; зерттеу және пайымдау барысында құрбыларымен бірлесіп әрекет етеді. Осылай білім беру салаларының өзара кірігуі және өзара байланысы балада қоршаған ортаның тұтас бейнесін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

«Денсаулық» білім беру саласының мазмұны балалардың толыққанды денесі мен психикалық дамуына, ағзаларын шынықтыруға, негізгі қимылдарын дамытуға, баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, өзінің тіршілік әрекетінде қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыруға, салауатты өмір салтына баулуға жағдайлар жасауға бағытталған.

«Қатынас» білім беру саласы балалардың айналасындағы қоршаған адамдармен өзара қарым-қатынастарының коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға, әлеуметте қарым-қатынас жасау үшін ауызекі сөйлеуді, диалогтік сөйлеуді дамытуға, сауат ашу негіздерін меңгертуге, қазақ және басқа халықтардың мәдениеті, дәстүрлері мен салттарын құрметтеуге тәрбиелеуге, мемлекеттік тілді білуге, басқа тілдерді үйретуге, көркем әдебиетке қызығушылыққа баулуға бағытталған.

«Таным» білім беру саласы балалардың коммуникативтік-танымдық қабілеттерін, математикалық және логикалық ойлауын қалыптастыруға, қоршаған ортаға қызығушылығын, шығармашылық қиялдауын, интелектуалдық мәдениетін, табиғаттың тірі нысандарына эмпатия сезімін дамытуға бағытталған.

«Шығармашылық» білім беру саласы мектеп жасына дейінгі балаларда эстетикалық талғамын, шығармашылық қабілеттерін, қиялдауын, қоршаған ортаны бақылауын және бейнелі қабылдауын қалыптастыруға, өзінің көркем түрде елестетулерін, жанашырлықтары, сезімдері мен ойлауын іске асыра білуге бағытталған.

«Әлеуметтік орта» білім беру саласының мазмұны балаларда қоғам туралы алғашқы түсініктерді меңгертуге және балаларды әлеуметтік қатынастар жүйесіне қосуға, жалпыадамзаттық нормалар мен ережелер негізінде тұлғаның әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға, қоршаған ортада, әлеуметтік мәдениет негіздеріне, эмоционалдық елгезектікке, өзін

жағымды ұстау және жағымды қарым-қатынас жасау қабілеттілігіне бағытталған.

Осы бағдарлама бойынша басқа балалармен бірге даму мүмкіндігі шектеулі балалар да тең айналысады. Ондай балалар үшін балабақша мен топта баланың мүмкіндіктеріне сәйкес арнайы жағдайлар жасалады: пандустардың болуы, білім беру процесін сәйкесінше ұйымдастыру (жиһаздың өлшемдері, баланы отырғызу, жарық және т.б).

Түзету жұмыстары мүмкіндігі шектеулі баланың қажеттіліктерін ескеріп, білім беру процесін жеке және саралау арқылы жүргізіледі.

Білім беру процесін ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдері

Білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру және балаларды мектепке дейінгі ұйымдарда сапалы тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету үшін келесі ұстанымдар және тәсілдер қарастырылуы қажет:

- тәрбие мен оқытудың барлық қатысушылары – педагогтар, психологтар, ата-аналармен баланың тұлғасын қалыптастыру мен оның қабілеттерін дамытуда кешенді тәсіл;
- балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оларды дамытуда әрекеттік тәсіл;
- баланың дамуы мен мектепке дейінгі ұйымның қызметінің деңгейлеріне (мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына мониторинг жүргізу үшін автоматтандыру жүйесі) мониторинг жүргізуде инновациялық тәсіл;
- тәрбие мен оқыту мазмұны мен әдістерінің бірлігі, сабақтастығы, үздіксіздігі;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы білім беру процесін интерактивті құру.

Білім беру процесін іске асырудың инновациялық тәсілі мақсатында балалардың шығармашылық және интелектуалдық қабілеттерін арттыратын, эмоционалды-күштік саласын дамытатын, баланың танымдық қабілеттерін белсендіретін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа, заманауи технологиялары мен әдістері енгізіледі.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мазмұны мектеп жасына дейінгі балаларға арналған үйретуші және дамытушы бағдарламалардан тұратын ресурстары бар интерактивтік жабдықтан тұрады.

Аталған технологиялар электронды контент ресурстарымен дидактикалық үлестірме материалдарды үйлестіреді, бұл логиканың, ойлаудың, сенсорлық қабілеттердің дамуына мүмкіндік береді.

Инновациялық технологиялардың ерекшеліктері бір уақыттағы әрекет барысында бірнеше әрекеттің қатар жүргізілуінен тұрады:

- мәтінді кәсіби дикторлардың айтуы;
- мультимедиялық анимациялық материалдарды көрсету;

- балалардың білім беру әрекетіне қатысуында.

Стандарт талаптарына сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағдайлар жасау

Стандарт талаптарын іске асыру үшін әрбір мектепке дейінгі ұйымда келесі талаптармен жағдайлар жасау қажет:

Психологиялық-педагогикалық жағдайларға талаптар:

1) ересектердің балаға құрметпен қарауы, балалардың жағымды өзін-өзі бағалауын, өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сенімділігін қолдау;

2) білім беру әрекетінде жұмыстың балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес түрлері мен әдістерін қолдану;

3) мектепке дейінгі ұйымның барлық педагогтары, мамандары және ата-аналарының бірлескен әрекеті негізінде әрбір баланың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне бағытталған білім беру әрекетін құру;

4) ересектердің балалардың бір-біріне жағымды, қайырымды қатынастарын, әртүрлі әрекет түрлерінде олардың өзара бірлескен әрекеттерін қолдауы;

5) дене және психикалық озбырлықтың барлық түрлерінен балаларды қорғау;

6) балалардың даму бұзылыстары мен әлеуметтік бейімделуін диагностикалау және түзету үшін қажетті жағдайларды жасау;

7) балаларды тәрбиелеуде, олардың денсаулықтарын қорғау мен нығайтуда ата-аналарды қолдау, ата-аналарды білім беру әрекетіне тарту;

Педагогикалық процесті ұйымдастыруға талаптар:

1) мектепке дейінгі ұйымдарды мектепке дейінгі білімі бар педагог кадрлармен қамтамасыз ету;

2) педагог кадрлардың кәсіби шеберліктерін арттыру;

3) баланы тәрбиелеу мен дамыту соның ішінде инклюзивті білім беру мәселелерінде педагогтарға кеңес беру;

4) білім беру процесін ұйымдастыру, әдістемелік қамтамасыз ету.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне талаптар

1) ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің ең жоғарғы мүмкін көлемі мен ұзақтығын қамтамсыз ету;

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың барлық жас деңгейлерінде ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес болуы қажет;

3) әрбір жас кезеңдеріндегі ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті Үлгілік оқу жоспарларында белгіленген.

4. Заттық-кеңістік дамытушы ортаға талаптар

Заттық-кеңістік дамытушы орта толық мазмұнды, өзгермелі, көпатқарымды, вариативті, қолжетімді және қауіпсіз болуы керек.

Заттық-кеңістік дамытушы орта:

- Бағдарламаның мазмұнын тиімді іске асыру үшін балаларды әрбір жас кезеңінің ерекшеліктеріне сәйкес заманауи дидактикалық материалдарды, жабдықтар мен мүккамалдарды қолданып дамыту мен тәрбиелеуге;

- балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуға;
- балалардың дамуындағы жетіспеушіліктерді түзету, инклюзивті білім беру үшін жағдайлар жасауға;
- әртүрлі білім беретін және дамытушы бағдарламаларды жүзеге асыруға;
- балалардың ойын, танымдық, зерттеу, шығармашылық және қимылдық белсенділіктерін қамтамсыз етуге;
- заттық-кеңістік ортада балалардың айналасындағы ересектермен және балалармен өзара бірлесіп әрекет етуде эмоционалды саулығына;
- балалардың өз ойларын айта білуіне бағытталған.

Заттық-кеңістік дамытушы ортаны құру кезінде гендерлік тәсілді ескеру және ұлдар мен қыздарға тән заттар, ойыншықтар және материалдармен қамтамасыз ету.

Заттық-кеңістік дамытушы орта білім беру салаларын кіріктіру ұстанымдары ескеріліп құрылады. Бір білім саласына арналған материалдар мен жабдықтарды басқа білім беру салаларын жүзеге асыру кезінде де қолдану қажет. Жабдықтарды таңдау балалардың шығармашылық, психологиялық және дене дамуына барынша мүмкіндік беретін келесі әрекет түрлері үшін іске асырылады: ойын, танымдық-зерттеу, коммуникативтік, еңбек, көркем-музыкалық, көркем әдебиетті қабылдау және т.б.

Барлық мектепке дейінгі ұйымдар өзінің қызметінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 217 бұйрығымен бекітілген «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын басшылыққа алады.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыру

Мектепке дейінгі ұйымның бағыныстылық нысанына, барлық типтері мен түрлеріне қарамастан педагогтары, мамандары мен қызметкерлері өзінің қызметтерін «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және мектепке дейінгі білім беру саласындағы басқа да нормативтік құқықтық құжаттарды басшылыққа ала отырып жүзеге асырады. Мектепке дейінгі ұйымның барлық қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін дұрыс және қауіпсіз жағдайлар жасау үшін жеке жауапкершілікте болады.

Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі:

- мектепке дейінгі білім беру саласындағы нормативтік құқықтық құжаттарға және ұйымның Жарғысына сәйкес басшылықты жүзеге асырады;

- мектепке дейінгі ұйым қызметінің стратегиясын, мақсаты мен міндеттерін анықтайды;

- білім беру, тәрбиелеу, әдістемелік және әкімшілік-шаруашылық жұмысты қамтамасыз етеді;

- балалардың толыққанды жан-жақты дамуы, олардың денсаулығын қорғау мен нығайту үшін қолайлы жағдайларды жасайды;

- озат ғылыми және педагогикалық тәжірибені зерделейді және практикаға енгізеді;

- педагогтар, мамандар мен қызметкерлердің біліктіліктерін үздіксіз және мерзімінде арттыру үшін жағдайлар жасайды;

- балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша ата-аналардың арасында жұмыстар ұйымдастырады, педагогикалық білімді насихаттауға мүмкіндік береді, мектепке дейінгі ұйымның қызметіне ата-аналарды қатысуға тартады.

Мектепке дейінгі ұйымның әдіскері барлық педагогикалық процестің сапалы бағдарламалық, әдістемелік сүйемелденуін қамтамсыз етеді.

Әдіскер педагогтарға мынадай әдістемелік көмек көрсетеді:

- жұмыс жоспарын құру, тәрбие мен оқытудың мазмұнын, формасын, әдістері мен құралдарын анықтау;

- баланың даму мониторингін жүргізу;

- озат педагогикалық тәжірибені жалпылау және тарату;

- мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, мамандарының ата-аналар мен ықпалдастығын қамтамасыз ету.

Әдіскер педагогикалық кадрлардың аттестациясын ұйымдастыру мен жүргізуді, педагогтардың педагогикалық шеберліктерін арттыру мақсатында семинарларды, тренингтерді және басқа да іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етеді.

Тәрбиеші білім беру процесін тиімді ұйымдастыру үшін:

- балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды қамтамсыз етеді;

- топтағы білім беру әрекетін жоспарлайды;

- денсаулықты сақтау шараларын жүргізеді;

- білім беру салаларын кіріктіруді ескеріп, заттық-кеңістік дамытушы ортаны құру;

- балалармен жұмыста тұлғаға бағытталған тәсілді жүзеге асырады;

- жеткен нәтижелерді талдау негізінде бала мен топтың алдағы әрекетін жобалайды;

- озат педагогикалық тәжірибені зерделейді, инновациялық әдістер мен технологияларды қолданады;

- балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша ата-аналарға консультациялық көмек көрсетеді;

- мүмкіндігі шектеулі балалар инклюзивті тәрбиелеу мен оқыту үшін қажетті жағдайларды жасайды.

Тәрбиеші күні бойы жас тобының күн тәртібіне сәйкес әртүрлі педагогикалық әрекетті жүзеге асырады: таңғы қабылдау, жаттығу,

балалармен қарым-қатынас, серуендеу, тамақтану, күндізгі ұйқы, гигиеналық және шынықтыру шаралары, еңбек, сюжетті-рөлдік, шығармашылық, дидактикалық және қимылды ойындар, ата-аналармен жұмыс, сондай-ақ ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті.

Мемлекетік, орыс, шетел тілдері педагогтары:

- үйретілетін тілдің ерекшелігін ескеріп, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін жоспарлайды және ұйымдастырады;
- оқытудың әртүрлі формалары, әдістері, тәсілдері және құралдарын қолданады;
- балалар тұлғасының сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді;
- баланың тілдерге жеке қабілеттерін байқайды және оны дамытуға жәрдемдеседі;
- интерактивтік жабдықтар негізінде инновациялық технологияларды қолданады;
- үш тілді оқытудың бірлігін жүзеге асырады.

Мемлекеттік, орыс және тілдерінің мұғалімдері орыс тілінде оқытатын топтарда мақсатты түрде ҮОЖ сәйкес қазақ тілі, ал қазақ тілінде оқытатын топтарда орыс тілі ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін жүзеге асырады.

Музыкалық жетекші:

- балалардың музыкалық дамуын жүзеге асырады;
- музыка сабақтарын, балалар мерекелері мен басқа да мәдени-бұқаралық шараларды ұйымдастырады және өткізеді;
- музыкаға дарынды балаларды табады;
- балалармен жеке жұмыс жүргізеді;
- балаларды музыкаға тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналар мен тәрбиешілерге кеңес береді.

Мектепке дейінгі ұйымның педагог-психологы:

- балалардың психологиялық және әлеуметтік саулығы үшін жағдайлар жасайды;
- балаларға, тәрбиешілер мен ата-аналарға әртүрлі оңалту және консультациялық көмек көрсету бойынша шаралар қабылдайды
- әрбір баланың жеке психологиялық-педагогикалық картасын жасайды;
- шығармашыл дарынды балаларды психологиялық қолдайды, олардың дамуына әсер етеді.

Мектепке дейінгі ұйымның дефектологы, логопеді:

- балалардың психикалық, дене және физиологиялық бұзылыстарына диагностика жүргізеді;
- бұзылыстардың құрылымы мен көріну дәрежесін анықтайды;
- бұзылған қызметтерді қалпына келтіру бойынша жеке және топтық түзетулерді іске асырады;
- мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіруге жәрдемдеседі;

- дамуында ауыққушылықтары бар балаларға арнайы әдістер мен тәсілдер қолдану, көмек көрсету бойынша педагогикалық қызметкерлер мен ата-аналарға кеңес береді.

Денешынықтыру нұсқаушысы:

- ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін жоспарлайды және іске асырады;
- дене тәрбиесі бойынша озат педагогикалық тәжірибені зерделейді;
- инновациялық технологияларды қолданады;
- ата-аналарға денсаулықты сақтау мәселелері бойынша консультациялық көмек береді, санитарлық-гигиеналық жағдайлар мен қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етеді;
- арнайы медициналық топқа жататын балаларға қосымша сабақтар жүргізеді.

Медицина қызметкерлері:

- балалардың денсаулығы мен дене дамуына жауапты;
- емдеу, алдын алу шараларын жүргізеді;
- санитарлық-гигиеналық нормаларды, күн тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді;
- балалардың тамақтануын ұйымдастыруға, азық-түлік сапасына бақылау жасайды, белгіленген нормалар мен талаптарға сәйкес ас мәзірін құрады, азық-түлікті сақтауға қатысады, дәмдерін татып көреді, дәрігерлердің кеңесіне сәйкес диеталық тамақтануды қажет ететін балаларға бөлек ас мәзірін қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі ұйымда қосымша білім беру қызметтерін (хореография, жүзу, ағылшын тілі, компьютерлік сауаттылық және т.б.) енгізу әрбір жас кезеңі үшін оқу жүктемесінің белгіленген нормасынан аспауы қажет.

Педагогтардың педагогикалық шеберліктерін арттырудың негізгі тәсілдері

Мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагогы келесі талаптарға жауап беруі қажет: рухани, кәсіби, жалпы мәдени және денесін жетілдіруге ұмтылған, ішкі дүниесі бай, үйлесімді дамыған, тұлға.

Педагог Бағдарламада анықталған міндеттерді жемісті іске асыру үшін балаларды оқыту мен тәрбиелеудің барынша тиімді құралдары мен технологияларын қолдануы және игеруі қажет. Осы мақсатта ол үнемі өзінің кәсіби шеберлігін арттыруы, білімін көтерумен айналысуы қажет.

Педагог мектепке дейінгі халықаралық педагогика және психологияны, мектепке дейінгі білім беру саласындағы отандық нормативтік құқықтық құжаттарды білуі қажет.

Бүгінгі күннің талаптарына сай педагог бала дамуын диагностикалау әдістерін білуі, болашақтың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жеке жоспарларды анықтауы қажет.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес мектепке дейінгі ұйымның педагогтары мен мамандары:

- үнемі өздінен білім алумен айналысу;
- педагогтар мен ата-аналар үшін ашық сабақтар өткізу;
- оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын игеру;
- мақалалар, баяндамалар, сөйлейтін сөздерді дайындау арқылы өзінің әлеуетін іске асыру;
- біліктілікті арттыру курстарына үнемі өту;
- өзінің білітілігін алу және нақтылау үшін аттестациядан уақытында өту;
- жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету;
- педагогтарға арналған түрлі байқауларға қатысу;
- өзінің педагогикалық жетістіктерінің нәтижелерінен портфолиосын үнемі толықтыруы тиіс.

Разработано на базе Республиканского центра «Дошкольное детство»
Министерства образования и науки Республики Казахстан

Методические рекомендации по организации воспитательно-образовательного процесса в дошкольных организация Республики Казахстан на 2016- 2017 учебный год.– Астана: 2016. 23 - стр.

Методические рекомендации составлено согласно требованиям Государственного общеобязательного стандарта дошкольного воспитания и обучения по организации образовательного процесса в дошкольных организациях Республики Казахстан всех типов и видов независимо от форм собственности в 2016-2017 учебном году.

Данные рекомендации предназначены для руководителей, методистов, педагогов и специалистов дошкольных организаций, а также родительской общественности.

Введение

В 2016-2017 учебном году образовательный процесс в дошкольных организациях республики всех видов и типов не зависимо от форм собственности организуется согласно Государственному общеобязательному стандарту дошкольного воспитания и обучения (далее – Стандарт), утвержденного постановлением Правительства Республики Казахстан от 13 мая 016 года №292, Общеобразовательной учебной программе дошкольного воспитания и обучения (далее – Программа) и Типовым учебным планам дошкольного воспитания и обучения (далее – ТУП).

Стандартом определены требования к уровню подготовки детей дошкольного возраста, содержанию дошкольного воспитания и обучения и максимальному объему учебной нагрузки.

На основании обновленного Стандарта разработана Программа взамен трем образовательным программам «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» с учетом достижений науки и практики отечественного и зарубежного опыта в системе дошкольного образования.

Методические рекомендации предусматривают основные направления реализации обновленного содержания, методические подходы к организации образовательного процесса в дошкольных организациях, создание условий для развития и воспитания детей в соответствии с требованиями Стандарта, организацию деятельности работников дошкольной организации, основные подходы к повышению педагогического мастерства воспитателей.

Данные рекомендации способствуют эффективной организации образовательного процесса в дошкольных организациях и является методическим руководством для руководителей, методистов, педагогов и специалистов дошкольных организаций, а также родителей.

Структура разработки ИМП на 2016-2017 год:

1. Введение
2. Основные направления реализации обновленного содержания ДВО
3. Методические подходы к организации образовательного процесса
4. Создание условий для развития и воспитания детей в соответствии с требованиями Стандарта
5. Организация деятельности работников дошкольной организации
6. Основные подходы к повышению педагогического мастерства воспитателей
7. Перечень нормативных правовых документов, регламентирующих деятельность дошкольных организаций

Основные направления реализации обновленного содержания дошкольного воспитания и обучения

Реализация содержания дошкольного воспитания и обучения требует выполнения задач, определенных в Государственной программе развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы, Государственном общеобязательном стандарте дошкольного воспитания и обучения.

Общеобразовательная учебная программа дошкольного воспитания и обучения обеспечивает эффективное выполнение основных задач, определенных в вышеназванных документах.

Цель Программы: формирование у детей духовно-нравственных ценностей, знаний, умений и навыков в соответствии с их возрастными и индивидуальными возможностями, воспитание общечеловеческих ценностей, патриотизма и толерантности, основанных на общенациональной идее «Мәңгілік ел».

Задачи:

- создание предметно-пространственной развивающей среды, обеспечивающей охрану жизни и укрепление здоровья ребенка;
- обеспечение принципов преемственности и непрерывности дошкольного образования;
- интеграция образовательных областей, направленных на физическое, интеллектуальное, нравственное, эстетическое, коммуникативное развитие детей;
- организация мониторинга развития детей по усвоению ими содержания программного материала в разных возрастных группах;
- совместное сотрудничество дошкольной организации и семьи.

Программа дошкольного воспитания и обучения способствует:

- укреплению физического и психического здоровья детей дошкольного возраста, приобщению их к ценностям здорового образа жизни;
- применению инновационных методик и технологий для интеллектуального, социального и личностного развития ребенка;
- обеспечению единства воспитательных, развивающих и обучающих задач воспитания и обучения детей;
- удовлетворению потребностей родительской общественности в воспитании детей дошкольного возраста.

Содержание Программы охватывает все возрастные группы:

1) Ясельный возраст – от 1 года до 3 лет:

ранний возраст – от 1 года до 2 лет (группа раннего возраста);

младший возраст – от 2 лет до 3 лет (первая младшая группа).

2) Дошкольный возраст – от 3 лет до 6(7) лет:

младший дошкольный возраст – от 3 лет до 4 лет (вторая младшая группа);

средний дошкольный возраст – от 4 лет до 5 лет (средняя группа);

старший дошкольный возраст – от 5 лет до 6(7) лет (от 5 до 6 лет - старшая группа в дошкольной организации, от 6 до 7 лет - класс предшкольной подготовки в общеобразовательной школе, лицее, гимназии).

Программа реализуется через образовательные области: «Здоровье», «Коммуникация», «Познание», «Творчество», «Социум», ориентированные на разностороннее развитие детей с учетом их возрастных и индивидуальных особенностей и интеграции содержания образовательных областей.

Реализация содержания Программы осуществляется на основе интеграции образовательных областей и основными положениями возрастной психологии и дошкольной педагогики. Все образовательные области связаны друг с другом: читая, ребенок познает; познавая, рассказывает о том, что узнал; взаимодействует со сверстниками и взрослыми в процессе исследований и обсуждений. Так взаимопроникновение и взаимосвязь образовательных областей обеспечивают формирование у ребенка целостной картины окружающего мира.

Содержание образовательной области «Здоровье» направлено создание условий для полноценного физического и психического развития детей, закаливания организма, развития основных движений, обеспечение охраны жизни и укрепление здоровья ребенка, формирование навыков безопасности собственной жизнедеятельности, приобщение к здоровому образу жизни.

Содержание образовательной области «Коммуникация» направлено на формирование у детей коммуникативных навыков взаимодействия с окружающими людьми, развитие устной разговорной, диалоговой речи для общения в социуме, овладение основами грамоты, воспитание уважения к культуре, обычаям и традициям казахского и других народов, знание государственного языка, обучение другим языкам, привитие интереса к художественной литературе.

Содержание образовательной области «Познание» направлено на формирование у детей коммуникативно-познавательных способностей, математического и логического мышления, интереса к окружающему миру, развитие творческого воображения, интеллектуальной культуры, чувства эмпатии к живым объектам природы.

Содержание образовательной области «Творчество» направлено на формирование у детей дошкольного возраста эстетического вкуса, творческих способностей, воображения, наблюдательности и образного восприятия окружающего мира, умения воплощать в художественной форме свои представления, переживания, чувства, мысли.

Содержание образовательной области «Социум» направлено на освоение детьми первоначальных представлений об обществе и включение детей в систему социальных отношений, формирование социальных навыков личности на основе общечеловеческих норм и правил, способности к позитивному поведению и отношению к окружающему миру, основам социальной культуры, эмоциональной отзывчивости.

По данной программе наравне с другими детьми занимаются и дети с ограниченными возможностями. Для таких детей в детском саду и в группе создаются специальные условия в соответствии с возможностями ребенка: наличие пандусов, надлежащая организация образовательного процесса (размеры мебели, посадка ребенка, освещение и т.д.)

Коррекционная работа проводится с учетом потребностей ребенка с ограниченными возможностями посредством индивидуализации и дифференциации образовательного процесса.

Методические подходы к организации образовательного процесса

Для эффективной организации образовательного процесса и обеспечения качественного воспитания и обучения детей в дошкольной организации должны предусматриваться следующее принципы и подходы:

- комплексный подход к формированию личности ребёнка и развитию его способностей всеми участниками воспитания и обучения – педагогами, психологами, родителями;
- деятельностный подход к развитию детей в соответствии с их возрастными особенностями;
- инновационный подход к мониторингу уровня развития ребенка и деятельности дошкольной организации (система автоматизации для проведения мониторинга развития детей дошкольного возраста);
- принцип единства, преемственности, непрерывности содержания и методов воспитания и обучения;
- интерактивное построение образовательного процесса с применением информационно-коммуникационных технологий.

В целях инновационного подхода к осуществлению образовательного процесса внедряются новые, современные технологии и методы дошкольного воспитания и обучения, повышающие творческие и интеллектуальные способности детей, развивающие эмоционально-волевую сферу, активизирующие познавательные способности ребенка.

В содержание информационно-коммуникационных технологий входит интерактивное оборудование, включающее ресурсы, содержащие обучающие и развивающие программы для детей дошкольного возраста.

Данные технологии синхронизируют дидактический раздаточный материал с ресурсами электронного контента, что способствуют развитию логики, мышления, сенсорных способностей.

Особенности инновационных технологий заключаются в одновременном процессе:

- озвучивания текста профессиональными дикторами;
- показа мультимедийного анимационного материала;
- участия детей в образовательной деятельности.

Создание условий для развития и воспитания детей в соответствии с требованиями Стандарта

Для реализации требований Стандарта необходимо в каждой дошкольной организации создать условия, которые включают следующие требования:

Требования к психолого-педагогическим условиям

1) уважительное отношение взрослых к ребенку, поддержка положительной самооценки детей, уверенности в собственных возможностях и способностях;

2) использование в образовательной деятельности форм и методов работы
с детьми, соответствующих их возрастным и индивидуальным особенностям;

3) построение образовательной деятельности на основе взаимодействия всех педагогов, специалистов дошкольной организации и родителей с детьми, ориентированной на интересы и возможности каждого ребенка;

4) поддержка взрослыми положительного, доброжелательного отношения детей друг к другу и их взаимодействия друг с другом в разных видах деятельности;

5) защита детей от всех форм физического и психического насилия;

6) создание необходимых условий для диагностики и коррекции нарушений развития и социальной адаптации детей;

7) поддержка родителей в воспитании детей, охране и укреплении их здоровья, вовлечение родителей в образовательную деятельность;

Требования к организации педагогического процесса

1) обеспечение дошкольной организации педагогическими кадрами, имеющими дошкольное образование;

2) повышение профессионального мастерства педагогических кадров;

3) консультативная поддержка педагогов и родителей в вопросах воспитания и развития ребенка, в том числе инклюзивного образования;

4) обеспечение организационно-методического сопровождения образовательного процесса.

Требования к организованной учебной деятельности

1) обеспечение максимально допустимого объема и продолжительности организованной учебной деятельности;

2) организованная учебная деятельность всех возрастных уровней дошкольного воспитания и обучения должна соответствовать санитарно-гигиеническим нормам и правилам;

3) организованная учебная деятельность каждого возрастного периода установлена в Типовых учебных планах.

4. Требования к предметно-пространственной развивающей среде

Предметно-пространственная развивающая среда должна быть содержательно-насыщенной, трансформируемой, полифункциональной, вариативной, доступной и безопасной.

Предметно-пространственная развивающая среда направлена на:

- эффективную реализацию содержания Программы с использованием современных дидактических материалов, оборудования и инвентаря для развития и воспитания детей в соответствии с особенностями каждого возрастного этапа;
- охрану и укрепление здоровья детей;
- коррекцию недостатков в развитии детей, создание условий для инклюзивного образования;
- реализацию различных образовательных и развивающих программ;
- обеспечение игровой, познавательной, исследовательской, творческой и двигательной активности детей;
- эмоциональное благополучие детей во взаимодействии с окружающими взрослыми и детьми в предметно-пространственном окружении;
- возможность самовыражения детей.

При создании предметно развивающей пространственной среды следует учитывать гендерный подход и обеспечивать специфичными предметами, игрушками и материалами для девочек и мальчиков.

Предметно развивающая пространственная среда строится с учетом принципа интеграции образовательных областей. Материалы и оборудование для одной образовательной области нужно использовать в ходе реализации других областей. Подбор оборудования осуществляется для следующих видов деятельности: игровая, познавательно-исследовательская, коммуникативная, трудовая, музыкально-художественная, восприятие художественной литературы и другие, которые в наибольшей степени способствуют творческому, психологическому и физическому развитию детей.

В своей деятельности все дошкольные организации руководствуются правилами «Санитарно-эпидемиологические требования к объектам дошкольного воспитания и обучения детей», утвержденными приказом министра национальной экономики Республики Казахстан от 17 марта 2015 года № 217.

Организация деятельности работников дошкольной организации

Педагоги, специалисты и работники дошкольной организации всех видов и типов не зависимо от формы подчиненности осуществляют свою деятельность, руководствуясь Законом Республики Казахстан «Об образовании» и другими нормативными правовыми документами в области дошкольного образования. Все работники дошкольной организации в соответствии с законодательством Республики Казахстан несут персональную ответственность за создание здоровых и безопасных условий для воспитания и развития детей.

Заведующий дошкольной организации:

- осуществляет руководство в соответствии с нормативными правовыми документами в области дошкольного образования и Уставом организации;

- определяет стратегию, цели и задачи деятельности дошкольной организации;

- обеспечивает образовательную, воспитательную, методическую и административно-хозяйственную работу;

- создает оптимальные условия для полноценного всестороннего развития детей, охраны и укрепления их здоровья;

- изучает и внедряет в практику передовой научный и педагогический опыт;

- создает условия для непрерывного и своевременного повышения квалификации педагогов, специалистов и работников;

- организует работу среди родителей по вопросам воспитания и обучения детей, способствую пропаганде педагогических знаний, привлекает родителей к участию в деятельности дошкольной организации.

Методист дошкольной организации обеспечивает качество программно-методического сопровождения всего педагогического процесса

Методист оказывает методическую помощь педагогам в:

- составлении плана работы, определении содержания, форм, методов и средств обучения и воспитания;

- проведении мониторинга развития ребёнка;

- обобщении и распространении передового педагогического опыта;

- взаимодействии воспитателей, специалистов дошкольной организации с родителями.

Методист обеспечивает организацию и проведение аттестации педагогических кадров, проведение семинаров, тренингов и других мероприятий в целях повышения педагогического мастерства педагогов.

Воспитатель для эффективной организации образовательного процесса:

- обеспечивает охрану жизни и здоровья детей;

- планирует образовательную деятельность в группе;

- проводит здоровьесберегающие мероприятия;

-создает предметно пространственную развивающую среду с учетом интеграции образовательных областей;

- осуществляет личностно-ориентированный подход в работе с детьми;

- проектирует дальнейшую деятельность ребенка и группы на основе анализа достигнутых результатов;

- изучает передовой педагогический опыт, применяет инновационные методики и технологии;

- осуществляет консультационную помощь родителям в вопросах воспитания и обучения детей;

- создает необходимые условия для инклюзивного воспитания и обучения детей с ограниченными возможностями.

Воспитатель в течение дня осуществляет различную педагогическую деятельность согласно распорядку дня возрастной группы: утренний прием,

гимнастику, общение с детьми, прогулки, питание, дневной сон, гигиенические и закаливающие процедуры, труд, сюжетно-ролевые, творческие, дидактические и подвижные игры, работу с родителями, а также организованную учебную деятельность.

Педагоги государственного, русского, иностранного языков:

- планируют и организуют организованную учебную деятельность с учетом специфики изучаемого языка;
- используют разнообразные формы, методы, приемы и средства обучения;
- способствуют формированию языковой культуры личности детей;
- выявляют и содействуют развитию индивидуальных способностей ребенка к языкам;
- используют инновационные технологии на основе интерактивного оборудования;
- осуществляют единство трехъязычного обучения.

Преподаватели государственного, русского и иностранного языков осуществляют целенаправленное обучение казахскому языку в группах с русским языком обучения и русскому языку в группах с казахским языком обучения через организованную учебную деятельность согласно ТУПам.

Музыкальный руководитель:

- осуществляет музыкальное развитие детей;
- организует и проводит музыкальные занятия, детские праздники и другие культурно-массовые мероприятия;
- выявляет музыкально одаренных детей;
- проводит индивидуальную работу с детьми;
- консультирует родителей и воспитателей по вопросам музыкального воспитания детей.

Педагог-психолог дошкольной организации:

- создает условия для психологического и социального благополучия детей;
- принимает меры по оказанию различного вида реабилитационной и консультационной помощи детям, воспитателям и родителям;
- составляет индивидуальную психолого-педагогическую карту каждого ребенка;
- осуществляет психологическую поддержку творчески одаренных детей, содействует их развитию.

Дефектолог, логопед дошкольной организации:

- проводят диагностику психических, физических и физиологических нарушений детей;
- определяют структуру и степень выраженности нарушений;
- осуществляют индивидуальную и групповую коррекцию по восстановлению нарушенных функций;
- способствуют социализации детей с ограниченными возможностями;

- консультируют педагогических работников, родителей по применению специальных методов и приемов оказания помощи детям, имеющим отклонения в развитии.

Инструктор по физической культуре:

- планирует и осуществляет организованную учебную деятельность;
- изучает передовой педагогический опыт по физическому воспитанию;
- использует инновационные технологии;
- осуществляет консультационную помощь родителям в вопросах здоровьесбережения, обеспечивает санитарно-гигиенические условия и меры безопасности;
- проводит дополнительные занятия с детьми, отнесенными к специальной медицинской группе.

Медицинские работники:

- несут ответственность за здоровье и физическое развитие детей;
- проводят лечебно-профилактические мероприятия;
- обеспечивают соблюдение санитарно-гигиенических норм, режима дня;
- осуществляют контроль за организацией питания детей, качеством продуктов, составляют меню согласно установленным нормам и требованиям, участвуют в закладке продуктов, снимают пробу, обеспечивают отдельное меню для детей, нуждающихся в диетическом питании согласно предписанию врачей.

Введение в дошкольной организации дополнительных образовательных услуг (хореография, плавание, английский язык, компьютерная грамота и т.д.) не должно превышать установленные рамки учебной нагрузки для каждого возрастного периода.

Основные подходы к повышению педагогического мастерства педагогов

Современный педагог дошкольной организации должен отвечать следующим требованиям: гармонично развитый, внутренне богатая личность, стремящаяся к духовному, профессиональному, общекультурному и физическому совершенству.

Для успешной реализации задач, определенных в Программе, педагог должен владеть и применять наиболее эффективные средства и технологии обучения и воспитания детей. В этих целях он должен постоянно повышать свое профессиональное мастерство, заниматься самообразованием.

Педагог должен знать дошкольную педагогику и психологию, международные и отечественные нормативные правовые документы в области дошкольного образования.

В соответствии с требованиями сегодняшнего дня педагог должен владеть методами диагностирования развития ребенка, определять индивидуальные планы на краткосрочную и долгосрочную перспективу.

В соответствии с вышеизложенным, педагогам и специалистам дошкольной организации необходимо:

-постоянно заниматься самообразованием;

- проводить открытые занятия для педагогов и родителей;

- владеть инновационными методами и технологиями обучения;

- реализовывать свой потенциал путем подготовки статей, выступлений, докладов;

- проходить регулярно курсы повышения квалификации;

- своевременно проходить аттестацию для присвоения и подтверждения своей квалификации;

- оказывать методическую помощь молодым педагогам;

- участвовать в различных конкурсах для педагогов;

- постоянно пополнять портфолио результатами своих педагогических достижений.